1. Морозова Н.Н. *К вопросу об эмоциональном отражении межличностных отношений умственно отсталыми школьниками. Современные проблемы психолого-педагогических наук: Межвузовский сборник научных трудов.* – Саранск, 1993. – Выпуск 9. – 107-113с.

2. Джакупов С.М. *Психология познавательной деятельности.* – Алма-Ата: КазГУ, 1982. – 247с.

3. Скоробогатова Н.В. *Особенности социальных взаимодействий умственно отсталого школьника. Личность в современном мире (социально-психологические проблемы) // Материалы международной конференции 24-25 апреля 2001.* – Курган: КГУ, 2001. – 162-166с.

4. Варянен В.А. *Особенности личных взаимоотношений между учащимися старших классов вспомогательной школы.* – М., 1971. – 19с.

5. Реан А.А., Коломинский Я.Л. *Социальная-педагогическая психология.* – Санкт-Петербург, 2000. – 265с.

Резюме

В этой статье рассматриваются некоторые проблемы общения детей со взрослыми младшего школьного возраста с интеллектуальным недоразвитием.

Summary

This article dedicated some problems of children communication with grown-up who has perplex intellect in primary school.

ЗИЯТЫНДА АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА АДАМГЕРШЛІК ҚАСИЕТТЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

И. С. Мухомедов
А.Б.Буханова -

дефектология, 1 курс магистранты
ғылыми жетекші: д.п.н., доцент З.А. Мовкебаева

Жеке тұлғаның көптеген қасиеттер жиынтығына адамның белсенділігінің кез-келген көрінісіне әсер ететін эмоция ерекше орын алады. Л.С.Выготский [1] өзінің «интеллектуалдық және эмоционалдық сфералардың ішкі бірлігі мен өзара тығыз байланысы туралы тұжырымында» зиятындағы ауытқушылық барысында балада зият пен аффектінің ара қатынасы нормадан ауытқиды және бұл олардың психикалық ерекшеліктерін түсіну үшін эмоцияның қалыптасуы жеке тұлғалық дамуында өте маңызды, - деп атап көрсеткен. Мақсатқа бағытталған педагогикалық үрдісте зиятында ауытқушылығы бар балаларда қызығушылық пен қажеттіліктің жүйесін дамытуға болады. Осы қызығушылықтарды белсенділікті жоғарылату факторы ретінде, іс-әрекеттердің қозғаушы күші ретінде, зиятында ауытқушылығы бар баланың тұлға болып қалыптасу негізіне алуға болады. Тұлғаның мәселесіне қызығушылық жайлы білігі жатады. Қызығушылықтың өзі, тұлғалық қалыптасу ретінде, көп мағыналы феномен болып табылады. Қызығушылықтың көптеген анықтамаларына тоқталмай-ақ, «қызығушылық» психологиялық түсінігі адамның объектіге психикалық процестерінің таңдамалы бағыты ретінде, тұлға белсенділігін күшті қоздырушы ретінде, адамның әлемге белсенді танымдық қарым-қатынасы ретінде, тұлғаның объектіге арнайы қарым-қатынасы ретінде, оның эмоциялық тартымдылығы мен өмірлік маңызы арқылы қалыптасқан феномен көрініс табады.

Эмоциялар психикалық әрекет пен тәртіпті, түрлі қарым-қатынастарды ішкі реттеуші механизмдердің бірі болып табылады, ал сезімдер болса – нақты жағдайларды жалпылау нәтижесі ретінде онтогенезде қалыптасатын, эмоцияны дамытудың жоғарғы өнімі. Олар адамның жалпы құбылыстарға, басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасын білдіреді және жоғарғы әлеуметтік қажеттіліктермен анықталады, тұрақтылықпен ерекшеленеді. Сезімдерге махаббат пен жеккөрушілік, сыйластық пен жақтырмаушылық ретіндегі белгілі бір заттық бағыты бар, тұлғаның тұрақты достық қарым-қатынастарын жатқызу қажет. Осы аталған сезімдердің барлығы адам әрекетінің түрлі жақтарына қарым-қатынасын ашып көрсетеді. Кейбір авторлардың есептеуінше, эмоциялық күйлердің шеңбері ретінде қанағаттану немесе қанағаттанбау эмоцияларының жинағы анықталады: қуаныш, ашу, қорқыныш, қайғыру және т.б.

Өзімізге белгілі, зиятында ауытқушылығы бар оқушылардың көп бөлігін ата-аналары жоқ, отбасының құрамы толық емес немесе әлеуметтік жағдайы нашар отбасылардан шыққан балалар құрайды. Мұндай балалар өз

отбасының толықтай қарым-қатынасынан айырылған. Бұл олардың жеке тұлғасының қалыптасуына жағымсыз әсерін тигізеді. Зиятының жетіспеушілігі салдарынан зиятында ауытқушылығы бар балалардың жеке тұлғасының қалыптасуы әр түрлі аспектілерде қиын жағдайларда өтеді. Зиятында ауытқушылығы бар балаларда адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға тікелей әсерін тигізетін себептердің бірі достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу болып табылады.

Эмоциялық сфераны қалыптастыруда үлкен рөлді тәрбие атқаратындығын Ж.И.Намазбаева [2] өзінің зерттеулерінде қарастырған. Максатқа бағытталған тәрбие әсер ету барысында тұлғада және оның бойында өзгерістерге әкеледі. Тұлға өз сезімдерін ұғына бастайды. Өзінің бағыты бойынша әлеуметтік сезімдер оның мойындау объектісі болады, ал құрамалы сезімдер онымен бас тартылады. Сезімдер рөлінің өсуі эмоциясының жоғарлауына ғана әсер етпейді, сонымен қатар олар іс-әрекет пен тәртіптің түрткісіне айналады. Бұл тұлғаның тек терең сезінуіне ғана әсерін тигізбейді, оны белсенді әрекетке тартады.

Тәрбие – бұл жалпы ортақ міндеттерді іске асыру барысында мұғалім мен оқушының ықпалдасты әрекеттерін қамтамасыз етуші арнайы ұйымдастырылған тәрбиелік жүйе жағдайында тұлғаны қалыптастыру, ол үшін рухани байлығы мен эмоциялық құндылықтарды тәрбиелеу мақсатын көздейтін әлеуметтік процесс.

Қазіргі уақытта тәрбие келесідегідей мақсаттарды көздейді:

- Қоғамда және білім беру саласында тәрбиенің мәртебесін көтеру;
- Тәрбиелік жүйелерді қалыптастыру;
- Білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын нығайту, жетілдіру, отбасымен байланысты дамыту, кеңейту;
- Отандық тәрбие дәстүрлері мен қазіргі тәжірибені біріктіру;
- Балалар үшін психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік оналту жүйесін әзірлеу, енгізу.

Осы аталған мақсаттарды назарға алу барысында, зиятында ауытқушылығы бар балаларға тәрбиені дұрыс жүзеге асыру үшін тәрбиешілерді дайындау қажеттілігі туындап отыр. Әрине, тәрбие процесі нәтижелі ұйымдастырылуы үшін зиятында ауытқушылығы бар балаларды тәрбиелеу ерекшеліктерінің қыр-сырын білуіміз қажет, яғни зиятында ауытқушылығы бар балалардың эмоция ерік-жігер сфераларының ерекшеліктері адамгершілік тәрбие беруде басты рөлге ие екені бізге мәлім. Бұл мәселе өткен заманымыздың да, қазіргі таңымыздың да өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осыдан, «зиятында ауытқушылығы бар балаларда адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселесінің» өзектілігі неде немесе неліктен? деген сұрақ туындайды. Туындаған сұрақтың жауабын қарастыратын болсақ, зиятында ауытқушылығы бар балалардың, бәрімізге мәлім:

- Таным процесстерінің жетіспеушілігі;
- Әлеуметтік қарым-қатынас ортасының тарлығы;

- Тәрбие үрдісін жүзеге асырудағы әдістемелердің жетіспеушілігі, бір жүйеге келтірілмеуі;

- Әлеуметтік ортадан шеттетілуі және т.б. сияқты проблемалар бұл балаларға адамгершілік тәрбие беру мәселесінің өзектілігін арттырып, тәрбие беру процесін жетілдіре зерттеуді қажет етіп отыр.

Зиятында ауытқушылығы бар баланың эмоциясы оның жасына, кемістік құрылымының сапалық ерекшелігімен тереңдігіне және оны қоршаған әлеуметтік ортаға тәуелді. Бастауыш мектеп жасындағы балалар мадақтауға, қолдауға және ренжісуге әсершіл болып келеді. Олар ұнамсыз және еркелету эмоцияларын ажыратады. Бірақ өз эмоцияларын вербальды түрде көрсете алмайды. Өзінің адамдарға деген қарым-қатынасын жанасумен, жымиюмен, бетіне караумен білдіреді. Ересектермен қарапайым ойындарды үлкен ынтамен ойнайды, олар қандай да бір деңгейде дыбыс шығаруға, еліктеу немесе сәбилік сөздерді қосады. Мысалы, бала тәп-тәуір іс-әрекеттерді жасайды, машинаны алға, артқа қарай жүргізіп, «би-биді» айта отырып, қуана күледі. Зиятында ауытқушылығы бар балалардың эмоциялары аз, алайда күйзелістері тұрақты, анағұрлым терең болып келеді. Олар айқайлауға, жүгіруге, сұрамай затты алуға, шулауға, қырсығуға болмайтынын және басқа да көптеген тыйым салынатын жайттарды ұғына бермейді. Ал кейбіреулері мүлдем сөйлемейді, жан-жағына үреймен қарайды, ата-аналарының артына тығылады, үндемейді, қарым-қатынастан бас тартады және т.б. мінез-құлық ерекшеліктерін байқауға болады. Осы аталған ерекшеліктерді назарға алатын болсақ, келесідегідей мәселелерді шешу жолын қарастыру қажет деп ойлаймын:

- Зиятында ауытқушылығы бар балаларды әлеуметтік ортадан шеттетпей, керісінше оларды бізді қоршаған ортада басқаларымен мүмкіндіктерінің шектеулігіне қарамастан теңдей дәрежеде сезінулеріне бар мүмкіндікті жасау;

- Зиятындағы жетіспеушілік адамгершілік тәрбие беруге ешқандай кедергі келтірмейтіні имандылық кодексінде аталып көрсетілгенін ескеріп, ешбір жеңілдіктерсіз адамгершілік тәрбиеге баулу процесін үздіксіз жүргізу;

- Тәрбие жұмысының әдістемесін жеткілікті деңгейде, талаптарға сай құрастыру және өндеу;

- Зиятында ауытқушылығы бар балалардың таным процестерін жетілдіруге жаңа технологиялар мен әдістемелерді көптеп пайдалану;

- Зиятында ауытқушылығы бар балалардың қарым-қатынас ортасын жан-жақтыландыру мен барынша кеңейту және т.б. мүмкіндіктерді қолға алу.

Осы аталған мәселелерді қолға алып, бір жүйеге келтіретін болсақ, зиятында ауытқушылығы бар балаларға жан-жақты тәрбие беру процесі белгілі бір нәтиже береді.

«Зиятында ауытқушылығы бар балаларға адамгершілік тәрбие беру» мәселесімен біраз ғалымдар тобы айналысқан:

➤ Зиятында ауытқушылығы бар оқушылардың эмоциялары мен сезімдерінің теориялық мәселелерін өңдеуге ерекше көңіл бөлгендер: Л.С.Выготский, А.Г.Ковалев, С.С.Ляпидевский, Б.И.Шостак және т.б.;

➤ Зиятында ауытқушылығы бар балалардың эмоция ерік-жігер сфераларының ерекшеліктерін, психикаларының даму өзіндіктерін ашуға зерттеулер жүргізгендер: Л.С.Выготский, А.П.Гозова, Т.Н.Головина, Г.М.Дульнев, И.Г.Еременко, Л.В.Занков, В.И.Лубовский, Н.Г.Морозова, М.С.Певзнер, В.Г.Петрова, И.М.Соловьев, Ж.И.Шиф және т.б.

➤ Зиятында ауытқушылығы бар балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде, негізгі әлеуметтік функциялар: түзету-императивті және тәрбиелік жүйелерінің маңызын ашып көрсеткен: С.Ф.Анисимов, Л.М.Архангельский, Г.Н.Гумницкий және т.б.

➤ Зиятында ауытқушылығы бар балалардың басқа адамдардың эмоция жағдайларын түсіну ерекшеліктерімен айналысқандар: Л.С.Выготский, П.М.Якобсон, А.Г.Ковалев, А.А.Бодаев және т.б.

Жеке тұлғаның негізгі компоненттерінің қатарына өзін-өзі бағалау мен талаптану деңгейін жатқызуды Н.М.Буфетов [3] қарастырған. Бастауыш сыныптағы зиятында ауытқушылығы бар оқушының өзіндік бағалаулары адекватты емес, өзінің мүмкіндіктері туралы дұрыс түсінік қалыптаспаған. Олар өздерінің іс-әрекеттерін сыншыл бағалауға қабілетсіз. Мұндай балалар өздерінің қабілеттері мен өнегелік қасиеттерін шамадан тыс көтереді және керісінше төмен түсіреді. Бастауыш сыныптағы оқушылар үшін талаптанудың үлкен деңгейі тән, өйткені олар өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алмайды. Ұжымдағы адамааралық қарым-қатынас және өзін-өзі бағалау көп мөлшерде оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі жетістіктерімен анықталады. Өзін-өзі бағалау баланың мінез-құлқы және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасын реттеуші ғана емес, сондай-ақ адамның өзін-өзі түсінуін қалыптастыруындағы маңызды құрам болып табылады. Зиятында ауытқушылығы бар балалардың оқуға деген қатынастарының дамуы шектен тыс баяу өтеді және тұрақсыздығымен сипатталады. Баланың қалыптасып келе жатқан жеке тұлғасының күрделі құрылымынан мотивациялық қажеттілік сферасын анықтау қажет. Ол зиятында ауытқушылығы бар оқушыларда пісіп-жетілмегендігінен, әлсіз көрінетіндігімен және іс-әрекетке ынталандырудың қысқа уақыттылығымен, мотивтердің шектеулілігімен, әлеуметтік қажеттіліктердің жеткілікті түрде қалыптасуымен сипатталады. Бұл балаларға іс-әрекеттің «қысқа» мотивациясы, сондай-ақ қарым-қатынастың қарапайым, әлсіз мотивациясы тән. Қарапайым бір типті іс-әрекетті орындау барысында зиятында ауытқушылығы бар оқушылардың ынталарының тез әлсіреуі байқалады.

Қорыта келгенде, зиятында ауытқушылығы бар бастауыш сынып оқушыларында адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу мәселесі бойынша жүргізілген аналитикалық зерттеулер зиятында ауытқушылығы бар балаларда адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, болашақта зерттеушілік жұмыстарын жүргізу қажеттілігін

туындатып отыр. Қалыптасқан адамгершілік қасиеттер мен бағыттар зиятында ауытқушылығы бар балаларға қоршаған ортада дұрыс бағытталуды, сол қоршаған әлеуметтік ортаның толыққанды мүшесіне айналуына мүмкіндік тудырады.

1. *Выготский Л.С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақстан Білім Академиясы Республикалық баспа кабинеті, 1985. – 121-130 бет.*

2. *Намазбаева Ж.И. Некоторые особенности личности учащихся вспомогательной школы - Алма-Ата: 1985. - 24 бет.*

3. *Буфетов Н.М. Нравственное воспитание во вспомогательной школе Алма-Ата : Мектеп, 1988 - 3-5 бет.*

Резюме

В этой статье рассматриваются, в целом, проблемы нравственного воспитания детей с интеллектуальным недоразвитием и работы авторов посвященные этой проблеме

Summary

This article dedicated the problems of moral education of children with perplexed intellect and the works of autheres who has initiate to these problems.

РАБОТА ПО ФОРМИРОВАНИЮ ДИАЛОГИЧЕСКОЙ РЕЧИ У МЛАДШИХ ГЛУХИХ ШКОЛЬНИКОВ

Ж.М. Кишкентаева -

*учитель начальных классов школы-интерната
для глухих детей г. Семей*

«Каждый опытный учитель
глухонемых знает, что они не умеют
спрашивать ... Неумение спрашивать
лишает глухонемого возможности
расширять свои познания ...»

Ф.А. Рау

Обучить глухих пользоваться словесной речью в общении с окружающими – важнейшая задача специальной школы для глухих детей. Именно поэтому, цитируя слова известного сурдопедагога Ф.А. Рау, я, имея многолетний опыт работы с младшими глухими школьниками, нахожусь в поиске более рациональных путей развития словесной речи.

В процессе обучения языку глухие школьники овладевают речью диалогической и монологической, так как они служат задачам коммуникации. Исходным видом речи является диалог, т.к. в естественных условиях слышащий ребенок начинает овладевать языковым общением на основе диалогической речи, поскольку диалог – это та форма речи, которая обслуживает непосредственные контакты. Диалог – гораздо более доступная версия речи, чем монолог, поскольку здесь взрослый выступает как инициатор говорения, а ребенок выступает как подхватывающий инициативу, овладевающий репликами по подражанию; в диалоге используются простейшие, часто неполные синтаксические конструкции; в диалоге (поскольку это непосредственные контакты) огромную контекстную роль играет конситуация, параязыковые средства. Речь ребенка в этот период состоит из ответов на вопросы взрослого, вопросов ко взрослому в связи с трудностями возникающими в ходе деятельности, а также требований об удовлетворении своих потребностей.

Обучение глухих учащихся языку в начальных классах также начинается с развития диалогической речи – как наиболее им доступной и естественной для организации непосредственного словесного общения учителя с классом и детей между собой.


Детей обучают речевым высказываниям, приближенным к лексике и синтаксису устной разговорной речи (неполные предложения, типовые вопросительные, побудительные, повествовательные конструкции). Обучение разговорной речи осуществляется на всех уроках по развитию речи, на уроках по всем другим учебным предметам и во внеучебное время,

тем самым глухой ребенок погружен в непрерывную и интенсивную диалоговую среду.


Общеизвестно, какую большую роль в развитии слышащего ребенка младшего школьного возраста играют его вопросы. Спрашивая, ребенок познает окружающий мир. Глухой же ребенок лишен умения спрашивать. Становится понятно, какой ущерб отсутствие «умения спрашивать» наносит развитию глухого ребенка. Возникает задача – развивать навыки овладения глухими детьми вопросом, как средством познания и формирования у них умения спрашивать.

Основная задача развития связной диалогической речи в 0-3 классах – научить глухих школьников излагать свои мысли, чувства, желания, выражать свои переживания, впечатления о просмотренном фильме, проделанной работе, прочитанном рассказе – обо всем, что происходит в их жизни посредством общения (диалога, беседы). Реализация этой задачи предполагает поиск и выбор более эффективных форм работы над развитием диалогической речи. В ходе работы по формированию диалогической речи нами использовались следующие формы работы:


1. Работа «треугольником»




2. Работа с маленьким учителем



3. Работа группами



4. Фронтальная работа



5. Использование сюжетно-ролевых, дидактических, развивающих игр.

Во всех видах работы особое внимание обращалось на формирование навыков «задавать вопросы самостоятельно».

опорой на собственные познания им не под силу – этим смогли вызвать у глухих учащихся потребность спрашивать. Практическая деятельность учащихся организовывалась таким образом, чтобы максимально стимулировать их умственную активность. Раньше учащиеся класса выполняли указание «Спроси у ...» заученными фразами (вопросами). Дети имели готовый образец, предложенный учителем. Например: «Андрей, спроси у Фатимы, какая сегодня погода». Теперь же все необходимые для выполнения работы сведения они должны были добыть сами, обращаясь с вопросом к учителю или товарищам.

Для этого в классе нами были изготовлены стенды: «Спрашивай правильно» и «Отвечай правильно», на которых даются образцы вопросов и ответов.

Спрашивай правильно

Отвечай правильно

I этап

Кто это? Что это?
Чей? Чья? Чье? Чьи?
Какой? Какая? Какое? Какие?
Что делает? Что делают?
Что сделал(а)? Что будет делать?

Это мальчик. Платок. Это яблоко.
Мой. Моя. Мое. Мои. Эльдара.
Красный. Большая. Кислое. Новые.
Играет. Играют.
Написал(а). Будет писать.

II этап

Где?
Куда?
У кого?

В классе. Дома. На прогулке.
В магазин. Домой. На прогулку.
У меня. У Аймары. У папы.

III этап

С кем?
Почему?
Для чего?

С бабушкой. С Мариной.
Потому что ...
Для того, чтобы

IV этап

О ком? О чем?
Как?
Когда?
Откуда?

О маме. О солнце. О бабочке.
Красиво. Медленно. Весело.
Вечером. Вчера. В марте. Зимой.
Из дома. Со школы. С прогулки.

Для того, чтобы учащиеся могли ориентироваться в выборе вопросов и примерных вариантах ответов и лучше понимали предназначение этих стендов, они (стенды) не были представлены в готовом виде, а создавались постепенно: поэтапно. 1-й этап применялся мной уже в конце подготовительного класса, 2-ой этап добавлялся в первом классе, 3-ий и 4-ый можно добавлять постепенно уже во 2 классе. Итак, видя перед собой нужные для постановки вопросы, учащиеся направляли усилия уже не на беспорядочное воспроизведение вопросительных слов, а на их целесообразный отбор, согласованный с содержанием сообщения. Такая

рационализация помогает четче определить деятельность детей и количество неправильно поставленных вопросов значительно уменьшается.

Работа в системе по формированию диалогической речи позволяет вести некоторый мониторинг по сформированности диалогической речи. В проверочные работы по сформированности умения задавать вопросы включаем такие задания:

- Задай вопрос по предложению (по сюжету);
- Задай вопрос по действию;
- Задай вопрос по ситуации;
- Задай вопрос по картинке.

Предлагаем примерный вариант проверочной работы по определению степени сформированности умения самостоятельно задавать вопросы:

1. Задай вопрос по предложению: «От ветра и стужи белки прячутся в теплых гнездах, забираются в глубокие дупла деревьев». (Варианты вопросов: Где прячутся белки от ветра и стужи? Что делают белки?)

«На девочке красивый красный сарафан» (Варианты вопросов, предложенные детьми: Какой на девочке сарафан? Как одета девочка?)

2. Задай вопрос по действию: Анеля взяла красный карандаш. (Варианты вопросов: Что взяла Анеля? Какой карандаш взяла Анеля?)

3. Задай вопрос по ситуации: Адиль опоздал на урок. (Варианты вопросов: Где ты был? Почему ты опоздал?)

4. Задай вопрос по картинке. (Предлагается картинка).

Итак, работая над данной проблемой, мы делаем вывод, что решающую роль в развитии диалога вообще, в частности, в создании у детей потребности спрашивать играет активная творческая деятельность самих учащихся, их индивидуальные особенности и доброжелательное, заинтересованное отношение к успехам детей со стороны педагогов.

Түйін

Мақалада бастауыш сыныпта оқитын естімейтін балалардың бойында диалогтық сөйлеу тілін қалыптастыру тәжірибесі көрсетілген. Автор бастауыш сынып оқушыларының өз ойы, сезімдері, қалауы, алаңдаушылықтары мен пікірлерін қарым-қатынас арқылы беруге көмектесетін тиімді жұмыс түрлерін ұсынады.

Summary

The work experience over the forming of dialogue speech at the non-hearing pupils of the primary education is presented in this article. The author suggests the effective in her opinion work forms, that can help the junior pupils to learn the stating their thought, feelings, wishes, emotions and impressions by means of contacts.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕП ОҚУШЫЛЫРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ СЕНСОМОТОРЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ҚАЛПЫ (фонематикалық қабылдауы және артикуляциялық қалпы)

Г.Н. Тулебиева -

*Абай атындағы ҚазҰПУ арнайы педагогика
кафедрасының аға оқытушысы*

«Білім туралы» жаңа заң инновациялық қоғамдағы тиімді, бәсекеге қабілетті білім жүйесін құруға алғышарттар жасау мақсатын көздейді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім беру саласындағы басты мәселенің бірі – қазақ ұлттық мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің жағдайы. «Сөйлеу әрекеті» әр түрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар сөйлеу нысанына қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист-ғалымдар сөйлеу әрекеті мен тілдің арақатынасын сөз етсе, психолог сөйлеу әрекетінің жалпы ми арқылы өту үрдісін, жүру бағытын зерттейді. Физиолог оның жұмыс істеу механизмдерін, құралдарын, қызметін тексереді. Психолингвист сөйлесім әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тілдік тұлғалардың санамен байланыстырып, сөйлеу аппаратының ойға қатысты қимыл-қозғалысын дәлелдейді. Логопед болса, осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеу тілінде кемістігі бар оқушыларды, сөйлеу тілінің бұзылыстарының түрлерін анықтап, дұрыс сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды, жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Қазақ мектептерінің тыныс-тіршілігі мемлекеттік тілге байланысты. Жас ұрпақтың бойында ана тіліне деген қызығушылығын арттыру олардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту да тіл туралы берілетін мәліметтерді саналы түрде меңгергенде мүмкін болады.

Қазіргі таңда Қазақстанда әр түрлі білім беру жүйесінің интеграциялау процесіне байланысты педагогтар, психологтар және жалпы білім беру мектеп логопедтері оқушылардың арасында оқуда қиыншылықтармен кездесетін балалар саны өскенін айтады. Оқушылар арасында бірінші күннен бастап оқу бағдарламасын меңгере алмай, үлгермеушілігі бар балалардың санына кіретіндері де аз емес. Бұл баланың интеллектуалды мүмкіндіктеріне қойылатын талаптардың жоғарлауына және мектеп бағдарламасының күрделенуіне байланысты. Қазіргі таңда мектептің бастауыш сынып оқушыларының арасында 25-30% сабақта үлгермеушілік құрайды. Метептегі үлгермеушілік - педагогиканың өзекті мәселесінің бірі.

Сөйлеу тілінің бұзылуы - мектептегі үлгермеушіліктің себептерінің бірі. Ғалымдардың арнайы зерттеулерінде баланың сөйлеу тілінің дамуының жағдайымен оқу бағдарламасын меңгеру мүмкіндігінің өз ара байланысы көрсетілген (Славина Л.С., Менчинская Н.А., Спирина Л.Ф., Ястребова А.В., Грушевская М.С., т.б.) [1, 2].

Осы зерттеулер бойынша сөйлеу тілінде кемістігі бар оқушылардың 1/3 ана тілінен үлгермейді немесе нашар үлгереді. Бұл жағдайда дыбыс айтуының бұзылуы фонематикалық жетіспеушіліктің (балаларда сөздің дыбыстың құрамы жайында түсініктері толық қалыптаспаған) салдарынан болады. Фонематикалық дамуының жетіспеушілігі ана тілі мен оқуының бағдарламаларын жетік меңгеруіне кедергі болады. Өйткені балада сөздің дыбыстық құрамы жайында практикалық жалпылама жетік қалыптаспайды. Ал сөйлеу тілінің дамуы қалыпты жағдайдағы балада бұл жалпылама мектепке бармай тұрып қалыптасады. Көптеген ғылыми зерттеулерде (Р. Е. Левина, Г.А. Каше, Д.И. Орлова, К.К. Карлен, т.б.) дыбыс айтуының бұзылуы жазу мен оқуға әсер ететіні, сөйлеу тілі жүйесінің фонетика-фонематикалық жағын дамытудың қажеттілігі көрсетілген. Бұл мәселе әліде өзекті болып саналады. Л.Ф. Спированың деректері бойынша жалпы білім беру мектептің оқушыларының 27% - да фонетика-фонематикалық жетіспеушілік байқалады [3]. Сондықтан осы балалармен жүргізілетін жұмыстардың жаңа әдістемелік жолдарын іздеуге тура келеді.

Жалпы білім беру мектеп оқушыларының арасында сөйлеу тілінде әр түрлі кемістігі бар балалар кездеседі. Мұндай кемістіктер әр түрлі сипатта болады және баланың жалпы дамуына әр түрлі әсер етеді.

Көбінесе сөйлеу тілі кемістігі бар балалардың арасында жалпы сөйлеу тілі дамымауы бар балалар (IV деңгей) саны басым. Бұл балалардың сөйлеу тілі бір қарағанда ешқандай күмән тудырмайды: оларда дыбыс айтуы күрделі бұзылмайды, бірақ дыбыстарды ажыратудың жетіспеушілігі байқалады. Буындық құрамының бұзылуының өзіне тән сипаты болып бала сөздің мағынасын түсіне тұра, оның фонематикалық образын есінде сақтай алмайдындығы табылады. Соның салдарынан әр түрлі нұсқада сөздің дыбыстық құрамы бұзылады. Бұл топтағы балаларда сөйлеу тілінің барлық компоненттерінің болмашы бұзылуы байқалады.

Қазақстан республикасының білім беру жүйесінде сөйлеу тілі күрделі бұзылған балаларға арналған арнайы мектептер бар. Сөйлеу тілінде кемістіктері жеңіл түрде кездесетін балалар арнайы көмек көрсетілген жағдайда жалпы білім беру мектебінде оқи алады.

Көптеген тәжірибелі бастауыш сынып мұғалімдері оқушылардың ауызша және жазбаша тіліне ерекше назар аударады. Олар сөйлеу тілінде жетіспеушілігі бар балаларды уақытылы анықтап, қиыншылықтарды жоюға тырысады. Бірақ көптеген жағдайда бұндай жұмыс нәтиже бермейді. Өйткені мұғалім сөйлеу тілінің кемістіктерін түзету үшін сөйлеу тілінде еш кемістігі жоқ балаларды оқытуға арналған тәсілдерді қолданады. Ал сөйлеу тілінде ауытқу сипатын түсіну және уақытылы анықтау, оны түзетуде арнайы жеке тәсілдерін анықтау арнайы оқытуды ұйымдастырған жағдайда ғана мүмкін болады.

Жалпы білім беру мектеп бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің қалпы жайындағы мәселеге байланысты әдебиеттерді талдау барысында келесі қорытынды жасауға болады: жалпы білім беру мектебінде

бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің бұзылыстары және осы бұзылыстардың мектеп бағдарламасын менгеруге қаншалықты әсер ететіні, оларға білім беруде ерекше мұқтаждықтылығын, сөйлеу тілінің дамуының және оқытуының ерекшеліктері жайында жүйелі түрде берілген мәліметтер әлі жеткіліксіз. Ал, жалпы білім беру мектебінде оқитын қазақ тілді балаларының арасында ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы, олардың түрлері, таралуы және сипаты жайында мәліметтер жоқ. Кенестік дәуірде Қазақстанда қазақ мектептердің саны аз болып, логопед мамандар беріде ғана санаулы мектептерде жұмыс істеді. Қазірдің өзінде қазақ мектептерінде логопедиялық жұмыстарының бағдарламалары, оқу және әдістемелік құралдар орыс тіліндегі аудармасы арқылы жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда республикамызда жалпы білім беру мектебінде қазақ тілінде оқитын балалар арасында сөйлеу тілі бұзылған балаларды оқыту мәселесі, оқуды жақсы менгеруінде сөйлеу тілінің ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің дұрыс қалыптасып, дамыту мәселесі маңызды болып есептеледі. Сондықтан бұл мәселе өзекті және уақытында қарастырылып отыр деуге болады.

Осы жағдайларды ескере отырып, біз осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізуді жөн деп есептедік.

Тексеру мақсаты: жалпы білім беру мектепте бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің сенсомоторлы денгейін (фонематикалық қабылдауы, артикуляциялық аппаратының қалпы, дыбыс айтуы мен сөздің буындық-дыбыстық құрамы) анықтау болып табылды.

Ұсынылып отырған мақалада біз балалардың фонематикалық қабылдауы мен артикуляциялық аппаратының қалпын тексеру нәтижелерімен таныстырып отырмыз.

Экспериментке Талдықорған қаласының №15 орта мектебінің бастауыш сынып (1-4 сыныптар) оқушылары қатысты. Тексеру 14 қазақ сыныптарында жүргізілді. Барлық оқушылар саны - 362.

Оқушыларға берілген тапсырмаларды құрастыру кезінде Т.А. Фотекованың бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу тілін экспресс-диагностикалаудың тесттік әдістемесін басшылыққа алдық [4].

Біз зерттеу жұмысының мақсатына қарай осы әдістемесінің тек І –ші серия - сөйлеу тілінің сенсомоторлы денгейін анықтау мақсатымен тапсырмаларды төрт бағытта алдық.

Балалардың берілген тапсырмаларды орындауын бағалау негізіне келесі параметрлер алынды:

- тапсырманы түсінуі;
- тапсырманы өз бетімен орындау денгейі (өз бетімен орындауы, экспериментатордың көмегіне жүгінуі);
- тапсырманы дұрыс орындауы (нақты немесе шамамен дұрыс орындауы);
- өз қатесін байқап, түзете білуі;
- тапсырманы орындау қарқыны (темпі).

Аталған параметрлерді ескере отырып әр тапсырма екі баллдық жүйемен бағаланды.

Тапсырманы өз бетімен бұлжытпай, дұрыс, жоғары қарқынмен (10 секундқа дейін) орындауы екі баллмен бағаланды.

Егер тапсырманы орындау кезінде кейбір қателер жіберіліп, бала нұсқауды толық түсіндіруін қажет етсе, тапсырманы орташа қарқынмен (15 секундқа дейін) орындаса тапсырма бір баллмен бағаланды.

Педагог-экспериментатордың көмегіне қарамай бала тапсырманы орындай алмаған жағдайда нөл баллмен бағаланды.

Оқушылардың сөйлеу тілінің сенсомоторлық дамуының деңгейін анықтау үшін әр бала жеке тексерілді.

Тексеру нәтижесінде тексеруге алынған оқушылар 2 топқа бөлінді:

1 топ - сөйлеу тілінің сенсомоторлық дамуында ауытқуы жоқ оқушылар. Олар қалыпты жағдайдағы балалар деп есептелді. Бұл балалар жалпы оқушылардың 83 % құрады.

2 топ- сөйлеу тілінің сенсомоторлық дамуында белгілі бір бұзылыстары бар оқушылар жатқызылды. Осы топтағы балалар 17% құрады. Осы тексерудің алғашқы көрсеткіштерін талдау нәтижесі тапсырманы орындауының үш деңгейін ажыратуға мүмкіндік берді.

Жоғары деңгей балалардың тапсырманы түсініп, тез, нақты, өз бетімен орныдауын болжайды. Бұл деңгейге барлық тапсырманы орындап, екі балл алған балалар жатқызылды.

Орташа деңгей: тапсырмалар негізінде дұрыс орындалды. Қателер кеткен жағдайда, экспериментатордың ескертуі бойынша бала оларды байқап, өз бетімен түзетеді. Орындау қарқыны орташа (15 секундқа дейін). Бұл деңгейге төрт тапсырманың екеуін дұрыс орындап, бір балл алған оқушылар жатқызылды.

Төмен деңгей: тапсырмалар дұрыс орындалмады. Бала жіберген қателерін өз бетімен аңғармайды және түзетпейді. Тапсырманы орындау қарқыны төмен (15 секундтан көп). Төмен деңгейге төрт тапсырманың біреуін дұрыс орындаған, 0 балл алған оқушылар жатқызылды.

Эксперимент барысында алынған мәліметтерді талдау кезінде ұсынылған тапсырмалардың барлығы балалағ да қызығушылық тудырды, тапсырманы орындаудан бас тартқан оқушылар болмады.

Анықтаушы (констатациялық) эксперимент тапсырмалары фонематикалық қабылдауын, артикуляциялық аппаратының қалпын тексеруге бағытталған болды.

Бірінші тапсырма бастауыш сынып оқушыларының фонематикалық қабылдауын анықтауға бағытталды. Тапсырмада балаға буын тіркестері ұсынылды. Алдымен жұп буындардың бірінші (ба-па), содан кейін екінші қатары (па-ба) ұсынылды. Буын тіркестері тұтас айтылғаны бағаланды (ба-па-па-ба).

Тапсырманы орындау көрсеткіштері №1 кестеде берілген.

№1 кесте. 1-4 сынып оқушыларының фонематикалық қабылдауының қалты (%)

сыныптар	денгейлер		
	жоғары	орташа	төмен
1	50	35	15
2	60	30	10
3	65	27	8
4	75	22	3

Тапсырмаларды орындауда 4-ші сынып оқушыларында көп қиыншылық тудырмады. Олардың тапсырманы орындау орта көрсеткіші 1,8 балл құрады. Оқушылардың 75%-ы тапсырманы тез, нақты орындады. 22%-ы тапсырманы орташа қарқынмен орындап, көмекті қажет етті. Тек ғана оқушыларының 3% жеке қателер жіберіп, тапсырманы орындау қарқыны төмен деңгейде болды. Бұл көрсеткіш оқушылардың төрт жыл бойы мектепте оқу барысында дыбыстық талдау–жинақтау дағдыларын қалыптастыру нәтижесі деп есептейміз. Үшінші сынып оқушыларының тапсырманы орындау деңгейі 1,4 баллды құрады. Оқушылардың 65% жоғары нәтиже көрсетті. 27% тапсырманы орташа деңгейде орындады. Қосымша көмек талап еткен және тапсырманы орындау кезінде қателер жіберген балалар саны 8% болды. Екінші сынып оқушыларының арасында бұндай балалар саны 10% құраса, бірінші сыныпта - 15% құрады. Екінші сынып оқушыларының 30% -ы, ал бірінші сынып оқушыларының 35% тапсырманы орташа деңгейде орындады. Тапсырманы орындау барысында сөздерді, нұсқауларды бірнеше рет қайталауға тура келді. Балалар тапсырманы баяу орындады.

Кестеде көрсетілгендей тапсырманы орындауы бірінші сынып оқушыларына қиын болды. Ал сыныптан сыныпқа қарай тапсырманы жоғары деңгейде орындаған оқушылар саны ұлғая түседі. Зерттеу барысында байқағанымыз дауыссыз дыбыстарды қабылдау кезінде қиындық туғызған Ш, Ж, Ч, Щ, Ң дыбыстары болды. Қазақ тіліне тән дыбыстардан Қ, Ғ дыбыстарын қабылдауда жіберілген қателер жиі кездесті. Балалар өздері дұрыс айтатын дыбыстарды дұрыс ажырата алатына көз жеткіздік. Дегенмен, зерттеу нәтижесінде жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып (1-4с.) оқушыларында фонематикалық қабылдауы толық дамымаған балалар саны аз емес. Орташа есеппен 62,5% болады.

Екінші тапсырма оқушылардың артикуляциялық моторикасын анықтауға бағытталды. Тексеру кезінде келесі параметрлерге ерекше назар аударылды:

- артикуляциялық жаттығуларды орындау дәлдігіне;
- орындау жылдамдығына, қарқынына;
- бір артикуляциялық қалыптан екінші қалыпқа ауысуына.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін төмендегідей жаттығуларды орындау ұсынылды:

- «Жымию» - ерін жымиған күйде;
- «күрекше» - жалпақ тіл астыңғы ерінде орналасқан, ауыз сәл ашық;
- «ине» – жіңішке тіл ұшы ауыздан шығып тұрады, ауыз сәл ашық;
- «сағат» – ауыз ашық, тіл бірде оңға, бірде солға жылжиды.
- «жымию-түтікше» жаттығуларын кезекпен жасату.

1-4 сынып оқушыларының артикуляциялық моторикасының қалыптасу деңгейі №2 кестеде көрсетілген.

№2 кесте. 1-4 сынып оқушыларының артикуляциялық моторикасының қалпы (%)

сыныптар	денгейлер		
	жоғары	орташа	төмен
1	40	48	12
2	55	41	4
3	80	20	0
4	84	16	0

Бірінші сынып оқушыларының тапсырманы орындауының орташа көрсеткіші 0,7 балл құрады. Оқушылардың 40% -ы жаттығуларды жоғары деңгейде орындады, 48 % орташа деңгейде орындады. Олар артикуляциялық мүшелерін бір қалыптан екінші қалыпқа ауыстыруда киналды, тапсырманы орташа жылдамдықпен орындады. 12 % -ы төмен нәтиже көрсетті. Тапсырмалардың көбін орындай алмады, орындауы баяу болды. Екінші сынып оқушыларында артикуляциялық моторикасының қалпы сәл болса да жоғары екені кестеден байқауға болады. Олардың орташа көрсеткіші- 0,6 балл. Оқушылардың 55 % -ы тапсырманы бұлжытпай, яғни жоғары деңгейде орындады. 41 % -ы жаттығуларды орындауында әр түрлі қателер жіберді. Ал 4 % -ы артикуляциялық қалпын ауыстыруға бағытталған жаттығуларды орындай алмады. Үшінші сынып оқушыларының арасында 80 % -ы жаттығуларды жоғары, ал 20 % -ы орташа деңгейде орындады. Мүлдем орындамаған балалар болмады. Ал төртінші сынып оқушыларының арасында 16 % орташа деңгейде орындады, төмен деңгейде көрсеткіштер болмады.

Зерттеу деректерін талдай отырып 1-4 сынып оқушыларында артикуляциялық аппаратының әлсіздігі мен қозғалыс координациясының және фонематикалық қабылдауының жеткіліксіздігі анықталды. Бұл факторлар баланың мектепте оқу бағдарламасын меңгеруіне кері әсер етеді. Сондықтан осы аталған кемістіктерді уақытылы түзетуге көңіл бөлу қажет.

1. Грушевская М.С. Недоразвитие речи у младших школьников и его преодоление. - Алма-Ата, 1989.

2. Ястребова А.В. Коррекция нарушений речи у учащихся общеобразовательной школы. - М., 1978.

3. Спицова Л.Ф. Особенности звукового анализа у детей с недостатками речи / Под ред. Р.Е. Левиной. - М., 1968.

4. Фотекова Т.А. Тестовая методика экспресс - диагностики устной речи младших школьников. - М., 2000.

Резюме

В статье рассматривается состояние уровня сенсомоторного уровня развития учащихся общеобразовательных школ с казахским языком обучения.

Summary

This article discusses the level of sensory-motor development of pupils of secondary schools with the Kazakh language learning.

Содержание

Муминова Л. Р. Вопросы изучения раннего детского аутизма.....	3
Якубжанова Д., Пулатова С. Педагогические условия качества подготовки бакалавров – дефектологов.....	8
Жұмабаева Ә.Е. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «ҚР шағын жинақты мектеп академиясы» порталы – мемлекеттік білім беру бағдарламасын жүзеге асыру құралы.....	11
Ажыманбетова Г.И. Моделирование компьютерного электронного учебника для дистантного обучения.....	15
Баймулдинова А.Т. Оптимизация дистанционного обучения студентов при внедрении новых компьютерных технологий.....	21
Оразаева Г.С. Внедрение инновационных технологий в логопедическую работу с детьми дошкольного возраста.....	28
Рахимова А.Т., А.Р. Мандыкаева Көмекші мектептегі бастауыш сынып оқушыларының ересектермен қарым-қатынасқа түсу ерекшеліктері.....	33
Буханова А.Б. Зиятында ауытқушылығы бар бастауыш сынып оқушыларында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселесі.....	38
Кишкентаева Ж.М. Работа по формированию диалогической речи у младших глухих школьников.....	43
Тулесбиева Г.Н. Жалпы білім беру мектеп оқушыларының сөйлеу тілінің сенсомоторлық дамуының қалпы (фонематикалық қабылдауы және артикуляциялық қалпы).....	47

ХАБАРШЫ. ВЕСТНИК
«Арнайы педагогика» сериясы
Серия «Специальная педагогика»
№ 2 (25), 2011

Берілген түпнұсқадан тікелей репродукциялық әдіспен басылады

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген № 10098-Ж

Шығару жиілігі - жылына 4 нөмір. 2001 ж. бастап шығады

Басуға 12.07.2011 қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 2.9 е.б.т. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 219.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13. Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы